



HISTORICAL-CULTURAL FIELD/ ТАРИХИ-МӘДЕНИ БАҒЫТ/  
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ

*History and Archaeology/ Тарих және археология/ История и археология*

**Түркі халықтарындағы керамикалық ыдыстардың зерттелу тарихы**

**\*М.О. Амирова<sup>а</sup>, М.Ж. Жолдасбеков<sup>б</sup>**

<sup>а</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы  
(E-mail: [mikka-o@mail.ru](mailto:mikka-o@mail.ru)). \*Байланыс үшін автор: [mikka-o@mail.ru](mailto:mikka-o@mail.ru)

<sup>б</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы  
(E-mail: [alimbekovrus@mail.ru](mailto:alimbekovrus@mail.ru))

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

**Кілт сөздер:**

ыдыс-аяқ, керамика, материалдық мәдениет, түркі халықтары, Орталық Азия, қала, керамика өндірісі, қыш күйдіретін пештер, ортақ мәдениет, артефакті.

XFTAMP 03.81.31

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-8-22>

Мақалада жалпы түркі халықтарының ортақ материалдық мәдениеті болып есептелетін керамикалық ыдыс-аяқ түрлері мен оның шығу тегіне, қолданылу аясына, ыдыс-аяқ жасалу технологиясы мен ыдыс-аяққа байланысты салт-дәстүрлердің орындалу жүйесіне қатысты әдебиеттер талданады. Энеолит, қола және ортағасырлардағы Еуразия даласынан табылған керамикалық ыдыстардың ортақ түркі халықтарының ыдыс-аяқ мәдениетінің зерттелу тарихына шолу жасау, ыдыс аяқ түрлері мен оның материалына қарай талдау жасау болып табылады. Осы тұрғыда Орталық Азия елдері мен Сібірді мекендеген түркі халықтарының археологиялық қазба жұмыстарынан табылған артефактілер мен керамика түрлері салыстырылады. Мұнда ортақ ұқсастықтар мен ерекшеліктер қарастырылады. Мақалада Орталық Азия түркі халықтарының ыдыс-аяқ пластикасының зерттелу тарихы мен оның жасалу технологиясындағы ерекшеліктерге шолу жасалып, оның ортақ ұқсастықтары классификацияланды. Сонымен қатар керамикалық ыдыстардың тұрмыста қолданылуы мен қажеттілігіне қарай әр кезде өзгеріп отырған ыдыс түрлері беріліп, оның жасалуындағы тиімді әдістердің дамыған орталықтары көрсетіледі. Оның ішінде Өзбекстан, Түрікменстан, Қазақстан территориясынан табылған керамикалық ыдыстардың ортақ ұқсастықтары беріледі. Бұл Орталық Азия территориясындағы қалалық аймақтарда керамика өндіретін орындардың көп болғанын айғақтауға негіз болады. Мақаланы дайындау барысында археологиялық қазба жұмыстарының материалдары, этнографиялық деректер мен арнайы әдебиеттер пайдаланыла отырып, түркі халықтарының ыдыс-аяқ дәстүрінің шығу тегі мен қолданылуы аясында жазылған зерттеулерге тарихнамалық тұрғыдан талдау жасалады.

Received 04 December 2023. Revised 18 March 2024. Accepted 15 May 2024. Available online 30 June 2024.



**Дәйексөз үшін:** М.О. Амирова, М.Ж. Жолдасбеков Түркі халықтарындағы керамикалық ыдыстардың зерттелу тарихы // Turkic Studies Journal. – 2024. – Т. 6. – № 2. – 8-22 б. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-8-22>

**For citation:** M.O. Amirova, M.Zh. Zholdasbekov The history of studying the ceramic pottery of Turkic peoples // Turkic Studies Journal. – 2024. – Vol. 6. – No 2. – P. 8-22. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2024-2-8-22>

## Кіріспе

Орталық Азияны мекендеген түркі халықтарының материалдық мәдениеті ерте кезеңдерде дамып, жан-жақты жетіліп отырды. Салыстырмалы түрде қарағанда, кейінгі неолит, қола дәуірлерінде бұл аймақты мекендеген халықтардың ортақ мәдениеті қалыптаса бастады. Оның басты себебі табиғи климаттық жағдай, өзара ұқсас шаруашылық жүргізу және т.б. болды. Тек ортағасырлардан кейін ғана мемлекеттердің ішінде көшпелілердің материалдық мәдениеті ерекшеленді, ол ұзақ уақыт көшуге, әскери жорықтар жүргізуге және шаруашылық типіне қарай бөлінді. Мысалы, ерте түркілік кезеңдегі материалдық мәдениет үлгілерін қарайтын болсақ, оның ішінде ыдыс-аяқ пластиналарының жасалу техникасы мен материалдары бір типті болғанымен, кейінгі уақыттарда өзгеріп отырды. Қазіргі Орта Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген халықтардың мәдениетін заттай деректер ретінде ыдыс-аяқ пластинасы арқылы талдауға болады. Бұл тұрғыда жергілікті халықтардың материалдық мәдениетінің бір бөлігі болып есептелетін ыдыстардың тарихы ерте кезеңдерді қамтиды. Ол үшін Орталық Азия мен Қазақстан территориясында жүргізілген археологиялық зерттеулердің қорытындылары мен нәтижелеріне талдау жасалуы тиіс. Себебі ыдыстардың алғашқы түрлері кейінгі тас ғасырларында энеолит дәуірінен басталған болса, оның даму кезеңдері қола, темір және ортағасырларға дейін жалғасып отырды. Археологиялық қазба жұмыстарынан табылған керамикалық ыдыстардың алғашқы формалары қарапайым түрде қолдан жасалып, әр түрлі пештерде күйдірілді. Кейін келе керамикалық ыдыс жасау арнайы сазбен станоктар қолдану арқылы іске асырылды. Бұл жаңа тәсілдер қыш жасаудың технологиясын қалыптастырды. Оны жасаушы мамандар қалыптасты, керамикалық пештердің тиімді түрлері ойлап табылды. Мұның барлығы қола кезеңінде Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстанның оңтүстік аймақтарындағы зерттеу жұмыстарынан байқалды. Орталық Азиядағы керамикалық ыдыстардың зерттелуіне келетін болсақ, алғашқы зерттеу жұмыстары ХХ ғасырдың алғашқы ширегін қамтыса, кейінгі кезеңі ХХ ғасырдың екінші жартысында жалғасты. Тұтас алғанда, ХХ ғасырда Орталық Азия территориясындағы қалаларда керамика өндірісі толығымен қалыптасты. Оның жасалу технологиясы жетілді, мемлекеттер мен өңірлер арасында керамикалық ыдыстар үлгісінде мәдени алмасулар жүзеге асты.

## Тақырыптың зерттелуі

Кеңестік кезеңде ортағасырларда үлкен даму серпініне жеткен керамикалық ыдыстарды жасау технологиясы мен оның түрлері жөнінде жазылған көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Соның ішінде Орталық Азия мен Қазақстандағы ескерткіштерге археологтар тарапынан жүргізілген зерттеулердің маңызы зор. Кеңестік кезеңде жүргізілген зерттеу жұмыстарының басым көпшілігі соғыстан кейінгі зерттеулерді

қамтыды. Оның қатарында Ш.С. Ташходжаевтың «К истории изучения средневековой поливной керамики Средней Азии» атты еңбегін атап өтуге болады (Ташходжаев, 1967: 155). Ал тарихи-технологиялық тұрғыда қыш ыдыстарды зерттеген Э.В. Сайконың «Среднеазиатская глазурованная керамика XII–XV вв.» атты еңбегі маңызды болып табылады. Сол сияқты керамикалық ыдыстардың классификациясын, эволюциясын зерттеген А.Н. Бернштам, О.Г. Большакова, Н.Н. Вактурская, Э.К. Кверфельдт, С.Б. Лунина, М.Е. Массон, Н.Н. Пугаченкова, Л.И. Ремпель, Ш. С. Ташходжаев, А.Я. Якубовский және т.б. ғалымдарды атап өтуге болады. Олардың қатарында этнографиялық тұрғыдан зерттеулер жүргізген А.И. Августинник, М.А. Безбородов, Е.М. Пещеров, М.К. Рахимов және т.б. бар. Сонымен қатар К.М. Байпақовтың «Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции)», К.А. Акишевтің «Курган Иссык» (Акишев, 1978), Н.П. Подушкиннің «Гончарные печи раннеземледельческих поселений долины Арыси», Е.А. Смагуловтың «Древний Сауран» сынды зерттеу жұмыстары Қазақстанның қола дәуірі мен ортағасырлық қалаларында жүргізген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерінен көрінеді.

### **Материалдар және зерттеу әдістері**

Қазіргі түркі халықтарының ортақ мәдени мұраларын зерттеу көне тарихи үрдістерді жаңа көзқараспен қарастыруды талап етіп отыр. Бұл тұрғыда Орталық Азия мен Қазақстан территориясын мекендеген байырғы түркілердің материалдық мәдениетін зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Туыс халықтардың материалдық мәдениетіндегі ұқсастықтар негізгі дерек көзі ретінде археологиялық қазба жұмыстарынан табылған артефактілерден тұрады. Хронологиялық тұрғыдан қарағанда, аталмыш территорияның байырғы тұрғындарының мәдени ескерткіштері өзара ұқсас және салыстырмалы тұрғыда өзара байланыста болуы тиіс. Біз бұл зерттеу мақаламыздың материалдық базасы ретінде Түрікменстандағы Намазга, Джейтун мәдени ескерткіштерінен, Өзбекстанның көне Хорезм, Афрасиаб және Қазақстан территориясындағы Отырар, Сауран және т.б. қалалардан табылған археологиялық материалдарды пайдаланып отырмыз. Археологиялық қазба жұмыстарынан жиналған керамикалық бұйымдардың басым көпшілігі ыдыс түрлерін қамтиды. Бұл көне түркі халықтарының заттай дерегі ретінде керамикалық ыдыстардың маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Археологиялық материалдар нәтижелері жарияланған әдебиеттер мен зерттеулерді талдау үшін ортақ тарихи-салыстырмалы әдістер, классификациялау, типологиясын анықтау, дискурсивті салыстыру сияқты әдістер қолданылды. Деректер берілген әдебиеттердің хронологиясына қарай тарихнамалық тұрғыда пайдалану зерттеу жұмысының тиімділігін арттырды.

## Талдау

Еуразия даласын мекендеген халықтардың мәдени ұқсастығын анықтайтын фактор ретінде керамикалық ыдыстарды қарастыратын болсақ, оның материалдық мәдениеттегі бірнеше қырын кездестіреміз. Бұл тұрғыда ыдыстардың негізгі функциялары тұрмыста және шаруашылықта қолданысына қарай әр түрлі формаға бөлінген. Мысалы, түркі халықтарының мәдени мұралары негізінен көшпелі тұрмыс тіршілігіне бейімделгендіктен, ыдыс-аяқтардың да тасымалдау мен қолдануға қолайлы болуы үшін оның жасалу технологиясы мен материалдарында да ерекшеліктер қалыптасты. Алайда археологиялық қазба жұмыстарының материалдары Еуразия даласын мекендеген халықтардың әр тарихи кезеңдегі өз мәдени жетістігін көрсетеді. Соның ішінде тұрмыстағы және шаруашылықтағы ыдыс-аяқтарды тұтыну олардың материалдарының кең көлемді болғанын анықтайды. Мысалы, археологиялық артефактілерден керамиканың, қоладан, металдан (күміс, алтын және т.б.) жасалған ыдыстардың болғанын көре аламыз. Сол секілді ағаш, сүйек сияқты материалдардың да осы мәдени кезеңде қамтылғанын байқауға болады.

Ерте кезеңдердегі ыдыстардың Орталық Азия территориясындағы үлгілерінің басым бөлігі ретінде керамикадан жасалған ыдыстарды атап өтуге болады. Мысалы, керамикалық ыдыстардың қолданысын типологиялық тұрғыда зерттеу Орталық Азия халықтарының б.з.д. 1 мыңжылдық ортасындағы ортақ ұқсастықтары мен мәдени тұтастықтарын анықтауға, кейбір функционалдық ерекшеліктерінен айқындауға мүмкіндік береді.

Түркі халықтарының көне мәдениеті энеолит дәуірінен қалыптасқан керамикалық ыдыстардың болғанынан хабар береді. Мысалы, б.з.д. VI–IV мыңжылдықта Түрікменстанның Жейтун мәдениеті ең көне керамиканың болғанын көрсетеді. Жейтун мәдениеті жөнінде В.М. Массонның «Поселение Джейтун» атты зерттеу еңбегі бар. Бұл мәдени қабаттарда Орталық Азия тұрғындарының алғаш рет керамиканы пайдалануды үйрене бастағанын көруге болады. Оның жасалуы мен өрнектеліп, безендірілуінің алғышарттарының қалыптаса бастағанын да байқаймыз. Қыш жасау өнерінің осы кезеңдердегі түрі бірден ыдыс жасау үшін емес, қыш тақталарын жасау, оны көркемдеп пайдалануға арналды. Кейін келе қыштан ыдыс жасау технологиясы ене бастады. Себебі бұл кездері қыш жасау технологиясы әлі де болса жетілмеген, керамиканы арнайы пештерде емес, ашық отта күйдіру тәсілдері пайдаланылды. Қыш ыдыстарды жасайтын арнайы құрылғылар болмады. Қыш ыдыстар жай ғана қолмен жабыстырылды. Сондықтан Жейтун мәдениетінің қыш ыдыстары әлі жетілмеген еді. Ыдыстардың сыртқы тұрпаты да пропорционалды болмады. Жейтун тұрғындары қыш жасау үшін саз балшыққа сабанның қалдықтарын қосып жасауға тырысты. Күйдірілуі де жоғары деңгейде болмады (Массон, 1971: 208).

Түрікменстан территориясында Каспий маңы тұрақтарында (Жебел, Оюқлы) жейтундік мәдениеттен өзгеше керамика табылды. Бұлар негізінен тік қабырғалы

шағын ыдыстар болды. Кейбір құмыралар өрнекпен безендіріліп, нақышталды. Егер жейтундік керамика Орталық Азияның оңтүстік нұсқасы болса, солтүстік бөлігі Келтимианар мәдениетіне жатты. Бұл мәдени тұтастық Орталық Азия мен Қазақстан территориясын қамтыды. Қазіргі кезде бұл мәдениеттің керамикасын бес топқа бөліп қарайды. Мұның ішінде хорезмдік Жанбас тобындағы ескерткіштер көрнекті үлгі ретінде қарастырылады. Яғни бұл ең алдымен тұрпайы жасалған ыдыстар мен құмыра тәрізді ыдыстардың ауысуына алып келді. Мұның ең ерте кезеңі б.з.д. IV мыңжылдықты қамтиды. Ал кейінгісі II мыңжылдықтың алғашқы жартысына жатады. Ыдыстардың формаларындағы негізгі ерекшелік биік, мойыны ұзынша жасалуы болды (Масимов, 1976: 111).

Қола дәуірі кезеңінде де Орталық Азия территориясында керамикалық ыдыстардың бірнеше ерекшеліктерін байқауға болады. Бұл ең алдымен Түрікменстандағы Намазга, Алтын-депе мәдениетінен көрінеді. Оның кезеңделуі б.з.д. II мыңжылдықты қамтиды. Сол сияқты Андронов мәдениетіндегі Орталық Азияның далалық өлкелерінің керамикаларын да қарастыруға болады. Бұл ыдыстардың негізгі ерекшелігі әр түрлі шырша тәрізді бедерлердің түсуімен сипатталады.

Орталық Азия аймағындағы керамикалық ыдыстардың ортағасырлық кезеңдегі зерттелуі маңызды кезең болды. Бұл кезең ортағасырлардағы қолөнердің дамуымен түсіндіріледі. Қыш өндірісінің даму техникасының өркендеуі сауда қатынастары мен мемлекеттердің ара қатынастарының жақсарғанын көрсетеді. Бұл керамиканы тарихи дерек ретінде танытады.

Ортағасырлық керамика мен оны жасау технологиясының дамуына байланысты бірнеше зерттеулер бар, жоғарыда жазғанымыздай, Ш.С. Ташходжаевтың Э.В. Сайконың еңбектері маңызды болып табылады. Сол сияқты керамикалық ыдыстардың классификациясын, эволюциясын зерттеген А.Н. Бернштам, О.Г. Большакова, Н.Н. Вактурская, Э.К. Кверфельдт, С.Б. Лунина, М.Е. Массон, Н.Н. Пугаченкова, Л.И. Ремпель, Ш. С. Ташходжаев, А.Я. Якубовский және т.б. ғалымдарды атап өтуге болады. Мұндай еңбектердің қатарында бірқатар этнографиялық еңбектерді де ескерген жөн. Оның қатарында А.И. Августинник, М.А. Безбородов, Е.М. Пещеров, М.К. Рахимов және т.б. бар.

Қола кезеңіндегі Қазақстандағы ыдыстардың табылу аймақтары санаулы (Дәндібай, Тау-тары, Тегіскен). Алайда Қазақстандағы керамикалық ыдыстар Намазга IV кезеңінен ерте емес. Мұны В.М. Массон «Древнеземледельческая культура Маргианы» зерттеуінде талдайды (Массон, 1959: 215). Қазақстан территориясы мен Түрікменстан жерінен табылған керамикалық ыдыстардың өзара ұқсастықтары мен салыстырмалы талдаулары Е.Е. Кузьминаның «Кубкообразные сосуды Казахстана эпохи бронзы в Средней Азии» атты зерттеу еңбегінде қарастырылады. Сонымен қатар автор Еуразия аймағында жабыстырып жасалған керамикалық ыдыстардың Қазақстан территориясында қалыптасуы далалық және Түрікменстанның оңтүстік тайпаларының өзара қатынасының негізінде пайда бола бастады деген пікір білдіреді

(Кузьмина, 1974: 16-24). Автор қола кезеңіндегі ыдыстарды формасы мен пішініне қарай типтерге бөліп зерделеді. Тұтас алғанда Орта Азия территориясынан табылған бұл қола дәуіріне жататын ыдыстардың көпшілігі Андронов мәдениеті ескерткіштері ретінде бірегейленеді. Андронов мәдениеті ескерткіштерінің ортақ ұқсастықтары мен далалық аймақтың кейінгі қола дәуіріндегі ерекшеліктері жөнінде А.Н. Мендельштам өзінің «Памятники степного круга эпохи поздней бронзы в Средней Азии» атты зерттеуінде баяндайды. Автор өз еңбегінде Орталық Азия аймағында табылған кейінгі қола дәуірі ескерткіштері тұтастығын қарастыра келе, олардың ұқсастығына басымдық берген (Мендельштам, 1966: 239-243). Қазақстан мен Орталық Азия территориясынан табылған археологиялық ескерткіштердің ортақ ұқсастықтары жөнінде көптеген авторлардың еңбектері жарық көрді. Соның ішінде К.М. Байпаковтың «Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции)» атты зерттеу жұмысы Қазақстанның оңтүстік аймағындағы урбанизациялық үрдістер негізінде пайда болған мәдени үрдістерді саралай келе, олардың ескерткіштерінің Орталық Азия елдеріндегі ескерткіштермен ұқсастықтарын талдап өтеді (Байпаков, 2012: 28).

Қазақстандағы керамиканың дамуы ортағасырлық Отырар қаласында XV–XVI ғғ. дамыды. Мұның негізгі ерекшелігі ыдыстарда шеңбер тәрізді тұғыр орналастырылған және өрнектері спираль, өсімдік, жұлдызша тәрізді элементтер қосылған.

Орталық Азия аймағындағы керамикалық ыдыстардың археологиялық деректерінің басым көпшілігі Өзбекстан территориясынан табылған ескерткіштермен байланысты болды. Мысалы, Э.К. Квартфельдтің «Керамика Ближнего Востока» атты еңбегі Орталық Азияның керамикалық ескерткіштеріне арналды (Квартфельд, 1947: 140). Ал Е.М.Пещерова «Гончарное производство Средней Азии» атты зерттеу жұмысында Орталық Азия территориясындағы қыш жасау өндірісінің бастауы мен дамуы және өркендеуі кезеңдеріне тоқталады (Пещерова, 1958: 396). Сонымен қатар бұл аймақтағы керамикалық ескерткіштердің классификациясы мен хронологиясына талдау жасаған алғашқы зерттеулердің бірі Н.Н. Вактурскаяның «Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX–XVII вв.)» атты мақаласы болды (Вактурская, 1959: 259-342). Сол сияқты Түрікменстан территориясындағы Мервтен табылған ескерткіштердегі керамикалық ыдыстардың жасалу технологиясы мен даму сатысына байланысты С.Б. Лунинаның «Гончарное производство в Мерве X – нач. XIII вв.» атты еңбегі жазылды. Автор көне Мервтегі керамикалық өндірістің даму кезеңдерін X–XIII ғғ. аралығы негізінде қарастырады (Лунина, 1962: 217-417). Ал XV ғасырдағы Самарқандтағы керамикалық өндірістің дамуы жөнінде Пугаченкова Г.А. «Самаркандская керамика XV века» атты еңбегінде талдады (Пугаченкова, 1950: 91-120). Сол сияқты осы автордың «Керамические печи Кушанского времени в Южном Узбекистане» атты еңбегінде Оңтүстік Өзбекстандағы керамикалық ыдыстар мен оның жасалу технологиясын, керамика жасайтын пештердің түрлерін зерделеген (Пугаченкова, 1973: 205-215).

Орталық Азиядағы керамика өндірісі тарихына қатысты көптеген еңбектер жазылды, соның ішінде Э.В. Сайконың «История технологии керамического ремесла Средней Азии VIII-XII вв.» атты еңбегінің маңызы зор, ол өз еңбегінде керамикалық заттардың түрлерін бөліп қарастырып талдау жүргізді (Сайко, 1966: 211). Сонымен қатар керамиканың жылтырату технологиясының даму кезеңдерін анықтады. Автор бұл тұжырымдарына арнайы зерттеу еңбегінде мән берді. Мысалы, өзінің «Среднеазиатская глазурованная керамика XII-XV вв.» атты зерттеуінде жылтыратылған керамикалық ыдыстарға талдау жасаған (Сайко, 1969: 89). XII ғасырдан кейінгі уақыттарда Орталық Азия аймағында керамикадан жасалған заттардан жаңа даму кезеңі орын алғанын көруге болады. Мысалы, бұл жөнінде Ш.С. Ташходжаевтың «Керамическое производство Афрасиба и вопросы организации труда ремесленников X – начала XIII вв.» атты зерттеу мақаласында көне Самарқандтағы қолөнершілердің жұмысты ұйымдастыруы, керамика жасау тәсілдерінің ерекшеліктері көрсетіледі. Сонымен қатар бұл кезең керамика өндірісінің жаңа даму кезеңі ретінде көрініс тапқан (Ташходжаев, 1975: 58-68). Дәл осындай мәндегі зерттеулер кеңестік тарихнамада жиі болды. Сол кезеңдегі Қазақстан мысалында Н.П. Подушкиннің «Гончарные печи раннеземледельческих поселений долины Арыси» сынды зерттеу мақалалары болды (Подушкин, 1973: 183-187). Автор өз зерттеу еңбегінде Арыс даласындағы ерте отырықшы керамика жасаушылардың пештеріне шолу жасаған. Қазақстан мен Орта Азиядағы керамикалық ыдыстарды жасайтын пештердің картографиясына арналған М.Г. Воробьеваның «Опыт картографирования гончарных печей для историко-этнографического атласа Средней Азии и Казахстана» атты мақаласы да қолөнершілердің керамиканы дайындайтын пештерінің орналасуын анықтайды (Воробьева, 1961: 147-179).

Түркі халықтары ішінде Қырғызстаннан табылған керамикалық ыдыстарды Шу даласындағы Жайылма және Қайыңды тұрақтарынан байқауға болады. Бұл керамикалық ыдыстар Қазақстанның солтүстік-батысынан табылған қазба материалдармен сәйкестенеді (Джанабаева, 2019: 3).

Уақыт өте келе керамикалық ыдыстардың сыртқы түрқы өзгере бастады. Оның қолданыс аясы да кеңейді. Мысалы, Оңтүстік Арал маңындағы Жанбас қала қорғанынан табылған керамикалық ыдыстар цилиндр тәрізді немесе жартылай жұмыртқа сияқты етіп жасалынған. Бұл ыдыстар негізінен су, сүт, шарап, май және дайын тамақты құю үшін жасалды. Сол сияқты астық және ұн сияқты өнімдерді де осы керамикалық ыдыстарда сақтады (Джанабаева, 2019: 4).

Б.з.д. II-I ғасырлардағы керамикалық ыдыстардың декоративті ерекшеленуі Соғдылық кезеңдегі ыдыстардан байқалады. Бұл кезеңдегі керамикалық ыдыстардың жасалу технологиясында да ерекшеліктер мен жаңаша талғамдар қалыптасты. Мысалы, VII ғасырға жататын құмыралардың мойыны ұзын, ыдыс ішіндегі сұйықтықтың төгілмеуі үшін құяр тұсын аузын үшбұрыштап, ыңғайлы етіп жасайтын болды. Соғдылық керамикалық ыдыстың тағы бір ерекшелігі ыдыстың жиегіне металдан жапсырмалар жабыстырып жасауға мән берді.

Керамикалық ыдыстардың айрықша дамуы әр түрлі глазуурлі ыдыстардың пайда болуымен байланысты. Бұл IX-XIII ғасырларда орын алды. Мұндай керамикалық ыдыстардың дамыған ортасы Самарқанд және Қазақстанның оңтүстік аймағында орналасқан қалалары болды. Мысалы, IX-XVII ғасырларда Отырар қаласының өркендеуі керамикалық ыдыс жасаушылар, көзешілердің дамыған ортасы ретінде қалыптасты.

Қазақстанның оңтүстігіндегі қалалардың ішінде Сауран қаласынан табылған керамикалық ыдыстардың орны ерекше. Археологтар бұл ыдыстардың типологиясын қазба деректер бойынша анықтап отыр. Мысалы, Қаратөбеден табылған керамикалық ыдыстар екі үлкен топқа бөліп қарастырылады: жылтыратылған (глазурный) және жылтыратылмаған. Ыдыстар тамақ дайындауға, оны сақтауға арналды. Олар: құмыра, хұм (хум), табақ, кесе, ожау және т.б. Ортағасырлық қалалардан ең көп табылған артефактілер осы ыдыстар мен олардың сынықтары болып табылады. Осындай ыдыстар көлемі мен қолданысына қарай бөлінеді. Мысалы, хумдардың үлкен ыдыс түрінің биіктігі 1,1-ден 1,6 м-ге жетеді, ал диаметрі 1 м болады. Сауран қаласынан табылған ыдыстардың көпшілігі құмыраларды құрайды, оның көлемі әртүрлі, кең және тар мойынды болып келеді (Смагулов, 2010: 356-388). Сонымен қатар ортағасырлардағы қыш өндірісінің дамуы жөнінде М.Е. Елеуовтің «Кумбыз «печь» открытый в средневековом городе Кышкала» атты мақаласында Шу бойындағы қалалардағы керамика өндірісі, керамикалық кірпіштердің дайындалу жолдары жазылған (Елеуов, 2023: 34-46).

Сібірдегі түркі халықтарының арасында хакастардың дәстүрлі тұрмыс жүйесіндегі ыдыстар Орталық Азия халықтарымен тікелей сабақтас екені анықталып отыр. Соның ішінде керамикалық ыдыстардың арасында түркі халықтарына ортақ ұқсастықтар көп кездеседі. Бұл жөнінде А.Г. Петрованың «Традиционная посудная пластика Саха: культурно-исторические связи и общая характеристика» деп аталатын зерттеу мақаласында талданады (Петрова, 2015: 107-111).

Жалпы түркі халықтарының керамикалық ыдыстарының ұқсастықтары олардың басқа да ескерткіштерінен көрініс тапты, мысалы, түркі дәуіріне жататын ескерткіштер арасында да қолына ыдыс ұстаған тас мүсіндер, балбалдар көп кездеседі (Шарафутдинов, 2009: 203-205). Ғалымдар тас мүсіндердің бейнесіне қатысты әр түрлі пікір білдірген, соның ішінде екі қолымен ыдыс ұстаған тас мүсіндерге Л.Р. Кызласов терең талдау жасайды. Оның пікірінше, қайтыс болған жауынгерге ас берілген кезде оның басына қойылған тас мүсінге түркілердің оның қолына ыдыс ұстатып бейнелеуі сол арқылы беріліп жатқан астан дәм татады деген түсінікте болған. Яғни ас болып жатқанда, құрбанға шалынған мал еті мен тамақтарды құрбандық отына тастағанда соның түтіні арқылы жейді деп сенген. Мұның барлығы көне түркі заманы тас мүсіндеріндегі ыдыстың бейнеленуін түсіндіреді (Кызласов, 1964: 28). Сонымен қатар кейінгі кезеңдердегі тайпалардың арасындағы таңбалардың қалыптасуы да осы ұқсастықтарға негізделеді. Мысалы, қазақ рулары арасындағы таңбалардың шөміш,



тостаған сияқты таңбалардың бейнелері кездеседі. Дәл осындай таңбалар түрікмен халықтарының құлпытастарында да кездеседі (Ажигали, 2002: 456).

### Нәтижелер

Археологиялық деректердің мазмұнында Орталық Азия мен Қазақстанды мекендеген байырғы халықтардың мәдениетінде ортақ ұқсастықтар жеткілікті. Бұл ең алдымен заттай дерек ретінде қолданысқа еніп отырған керамикалық ыдыстардың қолданысы, жасалу технологиясы, таралу аймағы мен керамика кұйдіретін орындардың ерекшелігінен көзге түседі. Мысалы, арнайы әдебиеттер мен деректерді қарастырып отырғанымыздай, Түрікменстан, Өзбекстан және Қазақстан жеріндегі ескерткіштердің өзара байланыстары, ыдыстардың жасалу технологиясында ортақ ұқсастықтардың болғанын көрсетеді. Алайда хронологиялық тұрғыдан әр аймақта керамика жасау дәстүрі кезең-кезеңмен дамып отырды. Осыған орай керамикалық ыдыстарға байланысты зерттеу жұмыстарын қарастырсақ, кеңестік кезеңдегі әдебиеттерде археологиялық материалдардың көпшілігі ортағасырлық қала қоныстары дамыған аймақтардағы ескерткіштерден шыққан заттар арқылы талданды. Алайда, қазіргі кезде керамикалық ыдыстардың таралуы жалпы түркі халықтарының барлығына дерлік тән мәдениет екені анықталды. Тіпті Саха түріктерінің де керамикалық ыдысты пайдаланғаны туралы деректер кездеседі. Сол сияқты кейінгі археологиялық зерттеу жұмыстары керамикалық ыдыстарға жаңа талдаулар жасау қажеттігін тудырды, оның ішінде ыдыстың безендірілуі, бедерленуі және т.б. қырынан қарау еліміздегі керамикалық ыдыстарды зерттеудің жаңа бағытын анықтап отыр (Ақымбек, 2016: 92-94). Сонымен қатар керамикалық ыдыстардың тек ас құюға емес, рәсімдік негізде жасалған ыдыстардың жасалуы сол кездегі ортағасырлық қала өмірінің мәдени-әлеуметтік жағдайынан хабар берді (Төлегенов, Кембаева, 2022: 70-78).

Ал керамикалық ыдыстардағы бедерлер мен өрнектердің ұқсастықтары сол аймақтағы керамика жасаушы пештердің, ортақ дәстүрінен ақпарат беріп, әр қалаға сәйкес өзіндік ерекшеліктерді анықтайды. Мысалы, Самарқанд пен Хорезм, Отырар керамикасының ерекшеліктері өзіндік ерекше технологияға негізделгенімен, ортақ ұқсастықтары да жеткілікті болды. Осындай ортақ ұқсастықтар ерте түркілік кезеңде халықтардың өзара мәдени бірегейлігінің қалыптасуына негіз болды.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, түркі халықтарының материалдық мәдениетіндегі ыдыс-аяқ пластинасының ортақ бірегей ұқсастықтары өте көп. Мұны зерттеу мақалада әр түрлі кезеңдегі материалдар негізінде ұсындық. Энеолит, қола дәуірі және ортағасырлардағы археологиялық қазба жұмыстарынан табылған материалдар Еуразия даласындағы керамикалық ыдыстардың жасалу технологиясының қалыптасуы, оның таралуы

мен өзара бір-біріне ықпалдастығын көрсетті. Ал ортағасырлардағы ыдыс жасау технологиясы мен қолданысы шаруашылық типіне қарай өзгерістерге түскенін байқауға болады. Мысалы, халықтың тұрмысы мен шаруашылығына қарай ыдыстардың қолайлы түрлерінің көбейгенін байқаймыз. Бұл қалалық аймақтарда керамикалық ыдыстардың қолданысының кеңейгенін көрсетсе, керісінше мал шаруашылығымен айналысатын дала көшпелілері үшін теріден, ағаштан жасалған ыдыстардың кең таралуы көрінді. Тұтас алғанда, керамикадан жасалған ыдыстардың зерттелуі Орталық Азия және Қазақстан аумағындағы ортақ мәдени ұқсастықтар мен мәдени бірегейлікті анықтайды. Бұл үрдіс кейінгі орта ғасырлар кезеңіндегі керамика жасау технологиясынан, ыдыстардың типологиясынан да көрінеді. Сонымен қатар түркі халықтарының ортақ мұрасы ретінде беріліп отырған ыдыс пластинасын зерттеу археологиялық, этнографиялық және тарихнамалық тұрғыдан іргелі зерттеулерді қажет етеді.

#### Әдебиет

Ажигали С.Е., 2002. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым». 654 с.

Акишев К.А., 1978. Курган Иссык: искусство саков Казахстана. Ан КазССР; Ин-т. истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. М.: Искусство. 132 с.

Ақымбек Е.Ш., 2016. Керамикалардың сыртғын өңдеу және әсемдеу үдерісін талдау (Ортағасырлық Ақтөбе қаласы материалдары бойынша) // Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Халық – тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы «Археологиядағы зерттеудің жаңа әдістері» атты халық. ғыл.-тәжірибелік конф. м-лы (Алматы қ., 30 қараша 2016 ж.) / Жауап. ред. Бексеитов Ғ.Т. Алматы: Қазақ университеті. Б. 92-94.

Байпаков К.М., 2012. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Алматы. 390 с.

Вактурская Н.Н., 1959. Хронологическая классификация средневековой керамики Хорезма (IX–XVII вв.). Труды ХАЭЭ. Т. IV. М. С. 259-342.

Воробьева М.Г., 1961. Опыт картографирования гончарных печей для историко-этнографического атласа Средней Азии и Казахстана // Материалы к историко-этнографическому атласу Средней Азии и Казахстана. М. Л. С.147-179.

Джанабаева Г.Д., 2019. Искусство народов Центральной Азии / Монография. Редактор М.С. Розанова. Вашингтон: Программа изучения Центральной Азии, Университет Джорджа Вашингтона. 89 с.

Yelevov M., Moldakhmet A.A. 2023. Kumbyz (furnace) found in the medieval city of Kyshkala // Turkic Studies Journal. № 2. С. 34-48.

Квартфельд Э.К., 1947. Керамика Ближнего Востока. Ленинград. 140 с.

Кузьмина Е.Е., 1974. Кубкообразные сосуды Казахстана эпохи бронзы в Средней Азии // В глубь веков. Алма-Ата. С. 16-24.

Кызласов Л.Р., 1964. О назначении древнетюркских каменных изваяний, изображающих людей // Советская археология. № 2. М. С. 28.

Лунина С.Б., 1962. Гончарное производство в Мерве X– нач. XIII вв. Труды ЮТАКЭ. Т. XI. Ашхабад. С. 217-417.

Массон В.М., 1959. Древнеземледельческая культура Маргианы // МИА. М., № 73. Табл. I, 16, 18, 20; Табл. VII, 1-3. 215 с.

Массон В.М., 1971. Поселение Джейтун. МИА, 180. Л., 208 с.

Масимов И.С., 1976. Керамическое производство эпохи бронзы в Южном Туркменистане. Ашхабад. 111 с.

Мандельштам А.Н., 1966. Памятники степного круга эпохи поздней бронзы в Средней Азии // Средняя Азия в эпоху камня и бронзы. Ленинград. С. 239-243.

Петрова А.Г., 2015. Традиционная посудная пластика Саха: культурно-исторические связи и общая характеристика // Альманах современной науки и образования. № 8. С. 107-111.

Пещерева Е.М., 1958. Гончарное производство Средней Азии. Труды Института этнографии. Т. XLII. М.-Л. 396 с.

Подушкин Н.П., 1973. Гончарные печи раннеземледельческих поселений долины Арысы // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата: Наука Каз.ССР. С. 183-187.

Пугаченкова Г.А., 1950. Самаркандская керамика XV века // ТСГУ. Археология Средней Азии. Ташкент. Новая серия, вып. XI. Гуманитарные науки, кн. 3. С. 91-120.

Пугаченкова Г.А., 1973. Керамические печи Кушанского времени в Южном Узбекистане // СА. № 2. С. 205-215.

Сайко Э.В., 1966. История технологии керамического ремесла Средней Азии VIII-XII вв. Душанбе: АН Тадж. ССР. 211 с.

Сайко Э.В., 1969. Среднеазиатская глазуванная керамика XII-XV вв. Душанбе: Дониш. 184 с.

Смагулов Е.А., 2010. Древний Сауран. Алматы. 358 с.: илл.

Ташходжаев Ш.С., 1975. Керамическое производство Афрасиаба и вопросы организации труда ремесленников X - начала XIII вв // Афрасиаб. Ташкент: ФАН-Вып. IV. С. 58-68.

Ташходжаев Ш.С., 1967. Художественная поливная керамика Самарканда. Ташкент: Фан. 155 с.

Төлегенов А., Кембаева Ә., 2022. Ортағасырлық Қастек қаласының керамикасы // Қазақстан археологиясы. № 1 (15). Б. 70-78. <https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.70.81>

Шарафутдинов И.Н., 2009. Некоторые вопросы семантики древнетюркских каменных изваяний в отечественной историографии // Известия Самарского научного центра российской академии наук. Т. 11. № 2. С. 203-205.

### Reference

Ajıgalı S.E., 2002. Arhitektúra kočevnikov – fenomen istorii i kúltúry Evrazii (památniki Aralo-Kaspuskogo regiona) [Nomadic architecture is a phenomenon of the history and culture of Eurasia (monuments of the Aral-Caspian region)]. Almaty: Naýchno-izdatelskí sentr «Ĝylym». 654 p. [in Russian].

Akishev K.A., 1978. Kúrgan Issyk: iskýsstvo sakov Kazahstana [Kurgan Issyk: art sakov of Kazakhstan]. An KazSSR; In-t. istorii, arheologii i etnografii im. Ch.Ch. Valihanova. Moscow: «Iskýsstvo». 130 p. [in Kazakh].

Aqymbek E.Sh., 2016. Keramikalardyń syrtyń óńdeý jáne ásemdeý úderisin taldaý (Ortaǵasyrlyq Aqtóbe qalasy materialdary boyınsha) [Analysis of the process of processing and beautifying the surface of ceramics (based on the materials of the medieval city of Aktobe)]. Qazaqstan Respýblikasy táýelsizdiginiń 25 jyldyǵyna arnalǵan «Halyq – tarıh tolqynynda» memlekettik baǵdarlamasy aıasyndaǵy «Arheologıadaǵy zertteýdiń jańa ádisteri» atty halyq. ǵyl.-tájiribelik konf. m-ly (Almaty q., 30 qarasha 2016 j.). Jaǵap. red. Bekseitov Ǵ.T. Almaty: Qazaq ýnıversiteti. P. 92-94. [in Kazakh].

Baipakov K.M., 2012. Drevnı́ı i srednevekovı́ıa ýrbanızasıa Kazahstana (po materialam issledovaniı Iýjno-Kazahstanskoi kompleksnoi arheologıcheskoi ekspedısıı) [Ancient and medieval urbanization of Kazakhstan (based on research materials of the South Kazakhstan Complex Archaeological Expedition)]. Almaty. 390 p. [in Russian].

Vaktýrskı́ıa N.N., 1959. Hronologıcheskaıa klassifikasıa srednevekovı́ı keramıkı Horezma (IX–XVII vv.) [Chronological classification of medieval ceramics of Khorezm (IX–XVII centuries.)]. Trýdy HAAE. T. IV. Moscow. P. 259-342. [in Russian].

Vorobeva M.G., 1961. Opyt kartografirovaniı goncharynh pecheı dlá istoriko-etnografıcheskogo atlasa Srednei Azıı i Kazahstana [Experience in mapping pottery kilns for the historical and ethnographic atlas of Central Asia and Kazakhstan]. Materialy k istoriko-etnografıcheskomý atlasý Srednei Azıı i Kazahstana. Moscow-Leningrad. P. 147-179. [in Russian].

Djanabaeva G.D., 2019. Iskýsstvo narodov Sentralnoi Azıı [Art of the peoples of Central Asia]. Monografıa. Redaktor M.S. Rozanova. Vashington: Programma izýchenıa Sentralnoi Azıı, Ýnıversitet Djordja Vashingtona. 89 p. [in Russian].

Yeleuov M., Moldakhmet A.A. 2023. Kumbyz (furnace) found in the medieval city of Kyshkala. Turkic Studies Journal. № 2. P. 34-48.

Kvertfeld E.K., 1947. Keramıka Bližnego Vostoka [Pottery of the Middle East]. Leningrad. 140 p. [in Russian].

Kýzmaıa E.E., 1974. Kýbkoobraznye sosýdy Kazahstana epohı bronzy v Srednei Azıı [Cup-shaped vessels of Kazakhstan from the Bronze Age in Central Asia]. V glýb vekov. Alma-Ata. P. 16-24. [in Russian].

Kyzylasov L.R., 1964. O naznacheniı drevnetúrkskih kamennyh izvaianı, izobraıaıúshih lúdeı [On the purpose of ancient Turkic stone sculptures depicting people]. Sovetskaıa arheologıa. № 2. Moscow. P. 28. [in Russian].

Lýnına S.B., 1962. Goncharnoe proıvozdstvo v Merve X – nach. XIII vv. [Pottery production in Merv X – beginning. XIII centuries]. Trýdy IÝTAKE. T. XI. Ashhabad. P. 217-417. [in Russian].

Masson V.M., 1959. Drevnezemelıcheskaıa kúltýra Margıanı [Ancient agricultural culture of Margiana]. MIA. M., № 73. Tabl. I, 16, 18, 20; Tabl. VII, 1-3. 215 p. [in Russian].

Masson V.M., 1971. Poselenıe Djeıtýn [Settlement of Dzheitun]. MIA, 180. Leningrad. 208 p. [in Russian].

Masımov I.S., 1976. Keramıcheskie proıvozdstvoepohı bronzy v Iýjnom Týrkmenıstane. [Ceramic production of the Bronze Age in Southern Turkmenistan.]. Ashhabad. 111 p. [in Russian].

Mandelstam A.N., 1966. Památníki stepnogo krýga epohi pozdnei bronzy v Srednei Azii [Monuments of the steppe circle of the Late Bronze Age in Central Asia]. Srednáá Azia v epohý kamná i bronzy. Leningrad. P. 239-243. [in Russian].

Petrova A.G., 2015. Tradisionnaia posýdnaia plastika Saha: kúltýrno-istoricheskie svázi i obshaia harekteristika [Traditional Sakha pottery: cultural and historical connections and general characteristics]. Álmanah sovremennoi naýki i obrazovania. № 8. P. 107-111. [in Russian].

Peshereva E.M., 1958. Goncharnoe proizvodstvo Srednei Azii [Pottery production in Central Asia]. Trýdy Institutýta etnografii. T. XLII. Moscow-Leningrad. 396 p. [in Russian].

Podýshkin N.P., 1973. Goncharnye pechi rannezemel'delcheskih poseleni doliny Arysý [Pottery kilns of early agricultural settlements of the Arys Valley]. Arheologicheskie issledovania v Kazahstane. Alma-Ata: Naýka Kaz.SSR. P. 183-187. [in Russian].

Pýgachenkova G.A., 1950. Samarkandskaia keramika XV veka [Samarkand ceramics of the 15th century]. TSGÝ. Arheologia Srednei Azii. Tashkent. Novaia seria, vyp. XI. Gýmanitarnye naýki, kn. 3. P. 91-120. [in Russian].

Pýgachenkova G.A., 1973. Keramicheskie pechi Kýshanskogo vremeni v Iýjnom Ýzbekistane [Ceramic kilns of the Kushan period in Southern Uzbekistan]. SA. № 2. P. 205-215. [in Russian].

Saiko E.V., 1966. Istoria tehnologii keramicheskogo remesla Srednei Azii VIII–XII vv. [History of ceramic craft technology in Central Asia in the 8th-12th centuries.]. Dýshanbe: AN Tadj. SSR. 211 p. [in Russian].

Saiko E.V., 1969. Sredneaziatskaia glazýrovannaia keramika XII-XV vv. [Central Asian glazed ceramics of the 12th-15th centuries]. Dýshanbe: Donish. 184 p. [in Russian].

Smagýlov E.A., 2010. Drevni Saýran [Ancient Sauran]. Almaty. 358 p.: ill. [in Russian].

Tashhodjaev Sh.S., 1975. Keramicheskoe proizvodstvo Afrasiaba i voprosy organizasii trýda remeslennikov X nachala XIII vv [Ceramic production of Afrasiab and issues of labor organization of artisans of the 10th early 13th centuries]. Afrasiab. Tashkent: FAN-Vyp. IV. P. 58-68. [in Russian].

Tashhodjaev Sh.S., 1967. Hýdojestvennaia polivnaia keramika Samarkanda [Artistic glazed ceramics of Samarkand]. Tashkent: Fan 155 p. [in Russian].

Tólegenov A., Kembaeva Á., 2022. Ortaǵasyrlyq Qastek qalasynyń keramikasy [Ceramics of the medieval city of Kastek]. Qazaqstan arheologiasy. № 1 (15). P. 70-78. <https://doi.org/10.52967/akz2022.1.15.70.81> [in Kazakh].

Sharafýtdinov I.N., 2009. Nekotorye voprosy semantiki drevnetúrkskih kamennyh izvaiani v otechestvennoi istoriografii [Some issues of semantics of ancient Turkic stone sculptures in Russian historiography]. Izvestia Samarskogo naýchnogo sentra Rossiiskoi akademii naýk. Vol. 11. № 2. P. 203-205. [in Russian].

**\*М.О. Амирова<sup>а</sup>**

<sup>а</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: mikka-o@mail.ru)*

*\*Corresponding author: mikka-o@mail.ru*

**М.Ж. Жолдасбеков<sup>б</sup>**

<sup>б</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan  
(E-mail: alimbekovrus@mail.ru)*

### **The history of studying the ceramic pottery of Turkic peoples**

**Abstract.** The article analyzes the literature that discusses the various types of ceramic pottery, its origins and scope of usage, the technology of pottery making and the ritual practices associated with utensils, which are considered the common material culture of Turkic peoples.

The article is based on the overview of the history of studying the pottery of the Turkic peoples, found in the steppes of Eurasia during the Eneolithic, Bronze and Medieval periods, focusing on the peculiarities of its production technology and types of utensils. In this context, comparisons are drawn between artifacts and ceramics found in archaeological excavations of Turkic peoples inhabiting the regions of Central Asia and Siberia. Common similarities of ceramic pottery found on the territory of Uzbekistan, Turkmenistan, and Kazakhstan are also explored. The article investigates the plasticity of pottery of the Turkic peoples of Central Asia, the peculiarities of its production technology, as well as classifies its general similarities. The article included a historiographical analysis regarding the origin and use of utensils among Turkic peoples, drawing upon materials from archaeological excavations, ethnographic data, and special literature.

**Keywords:** utensils, ceramics, material culture, Turkic peoples, Central Asia, city, ceramic production, pottery kilns, common culture, artifacts.

**\*М.О. Амирова<sup>а</sup>**

<sup>а</sup>*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан  
(E-mail: mikka-o@mail.ru)*

*\*Автор для корреспонденции: E-mail: mikka-o@mail.ru*

**М.Ж. Жолдасбеков<sup>б</sup>**

<sup>б</sup>*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан  
(E-mail: alimbekovrus@mail.ru)*

### **История изучения керамической посуды тюркских народов**

**Аннотация.** В статье анализируется истории возник-новения керамической посуды, сфера применения и технологии её изготовления, а также изучению обычаев, традиций, ритуалов, связанных с посудой. Домашняя утварь, наряду с другими предметами материальной культурой, является бесценным достоянием культуры тюркских народов. В статье дается обзор истории изучения культуры керамической посуды тюркских народов, найденной в

Степной Евразии в эпоху энеолита, бронзы и средневековья, раскрываются типы домашней утвари и технологии их изготовления. Интересным для читателей является сравнение видов артефактов и керамики, найденных в археологических раскопках тюркских народов стран Центральной Азии и Сибири. Авторы статьи раскрывают общие сходства керамической посуды, найденной на территории Узбекистана, Туркменистана, Казахстана. Кроме того, определяются и классифицируются виды посуды, изменяющиеся в зависимости от их использования, в т.ч. и использование керамической посуды, раскрываются центры эффективных методов ее производства. Последнее послужило основанием для подтверждения того, что в городских районах среднеазиатской территории было больше мест гончарного производства. В процессе исследования искомой темы авторами был проведен историографический анализ изысканий, написанных в контексте происхождения и традиции использования посуды, раскрывающих самобытность культуры тюркских народов. Также в статье использовались материалы археологических раскопок, этнографические данные и специальная литература.

**Ключевые слова:** посуда, керамика, материальная культура, тюркские народы, Центральная Азия, город, производство керамики, печи для обжига керамики, общая культура, артефакты.

**Авторлар туралы мәлімет:**

Амирова Меруерт Оразбайқызы, докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1263-5826>

Жолдасбеков Мырзатай Жолдасбекұлы, ф.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев көш., 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

**Information about the authors:**

Meruert Orazbayevna Amirova, Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1263-5826>

Zholdasbekov Myrzatai Zholdasbekovich, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev Str., Astana, Republic of Kazakhstan.

**Сведения об авторах:**

Амирова Меруерт Оразбаевна, докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1263-5826>

Жолдасбеков Мырзатай Жолдасбекулы, д.ф.н., профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.